

Қостанай облысы Таран ауданы Тобыл кентінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін тұрғындар өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Таран ауданы мәслихатының 2014 жылғы 22 шілдедегі № 223 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 20 тамызда № 5031 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Бейімбет Майлин ауданы мәслихатының 2020 жылғы 20 наурыздағы № 366 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Бейімбет Майлин ауданы мәслихатының 20.03.2020 № 366 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 39-3-бабының 6-тармағына, "Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің үлгі қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 қаулысына сәйкес аудандық мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қоса берілген Қостанай облысы Таран ауданы Тобыл кентінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу қағидалары бекітілсін.

2. Қостанай облысы Таран ауданы Тобыл кентінің жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін тұрғындар өкілдерінің сандық құрамы осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қырықыншы, кезекті
сессиясының төрайымы
Аудандық мәслихаттың хатшысы
КЕЛІСІЛДІ

Қостанай облысы
Таран ауданы Тобыл кенті
әкімінің міндетін атқарушысы
_____ А. Бермұхамбетов

А. Даданова
С. Жолдыбаев

Қостанай облысы Таран ауданы Тобыл кентінің жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін тұрғындар өкілдерінің сандық құрамы

| № | Елді мекеннің атауы | Кент тұрғындары өкілдерінің саны (адам) |
|---|---------------------|---|
| 1 | Тобыл кенті | 200 |

Мәслихаттың
2014 жылғы 22 шілдедегі
№ 223 шешімімен бекітілген

Қостанай облысы Таран ауданы Тобыл кентінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу қағидалары

1. Жалпы ереже

1. Осы Қостанай облысы Таран ауданы Тобыл кентінің (бұдан әрі – кент) бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидалары "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 39-3-бабының 6-тармағына, "Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің үлгі қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 қаулысына сәйкес әзірленді және кент тұрғындарының бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің тәртібін белгілейді.

1. Кенттің аумағындағы тұрғындардың бөлек жергілікті қоғамдастық жиыны (бұдан әрі – бөлек жиын) жергілікті қоғамдастықтың жиынына қатысу үшін өкілдерді сайлау мақсатында шақырылады және өткізіледі.

2. Бөлек жиындарды өткізу тәртібі

1. Бөлек жиынды кенттің әкімі шақырады.

Таран ауданы әкімінің жергілікті қоғамдастық жиынын өткізуге оң шешім бар болған жағдайда бөлек жиынды өткізуге болады.

4. Жергілікті қоғамдастық халқы бөлек жиындардың шақырылу уақыты, орны және талқыланатын мәселелер туралы бұқаралық ақпарат құралдары арқылы немесе өзге де тәсілдермен олар өткізілетін күнге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірілмей хабардар етіледі.

5. Кент шегінде бөлек жиынды өткізуді кенттің әкімі ұйымдастырады.

6. Бөлек жиынды ашудың алдында кенттің қатысып отырған және оған қатысуға құқығы бар тұрғындарын тіркеу жүргізіледі.

7. Бөлек жиынды кенттің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға ашады.

Кенттің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға бөлек жиынның төрағасы болып табылады.

Бөлек жиынның хаттамасын рәсімдеу үшін ашық дауыспен хатшы сайланады.

8. Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін кент тұрғындары өкілдерінің кандидатураларын Таран аудандық мәслихаты бекіткен сандық құрамға сәйкес бөлек жиынның қатысушылары ұсынады.

Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындары өкілдерінің саны тең өкілдік ету қағидаты негізінде айқындалады.

9. Дауыс беру ашық түрде әрбір кандидатура бойынша дербес жүргізіледі. Бөлек жиын қатысушыларының ең көп дауыстарына ие болған кандидаттар сайланған болып есептеледі.

10. Бөлек жиында хаттама жүргізіледі, оған төраға мен хатшы қол қояды және кент әкімінің аппаратына беріледі.